



АШЫҚ САБАҚ:

“Ауызша көбейту және бөлу $32 \cdot 5$ және $160 : 5$ ”

3 СЫҢЫП

Мұғалімі : Капышева Т.К

Мақсаты: 32×5 ; $160 : 5$ түріндегі ауызша көбейту және бөлу тәсілдері жайлы білімді тиянақтау

Жұмыс нәтижесі: Өрнектер мәнін табуда есептеу қабілеттері дамиды.

Сілтеме: Т.Қ.Оспанов.Ш.Х.Құрманалина,Ж.Т.Қайыңбаев. Математика. 3-сынып. Алматы «Атамұра» 2014 жыл. 61-бет.

Негізгі идеясы: Диалогты оқыту; Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету; Үлгілік және топтағы бірлескен жұмыс; Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту

Ресурстар: Слайд,

Сабақтың түрі: Интеллектуалдық ойын сабақ.


«Кел ойнайық» тренинг

1. Өтірік айту жаман қасиет дегендерің, қол соғайық.
2. Жақсы адам болғыларың келсе, орнымыздан тұрайық.
3. Жалқаулық жаман қасиет дегендерің, отырайық.
4. Бүгінгі сабаққа жақсы көңіл-күймен келгендеріңіз, аяқты еденге соғайық.
5. Математиканың үйретері мол дегендер орнымыздан тұрайық.
6. Жақсы баға алғысы келгендер «Біз» деп айқайлаңдар.
7. Бүгінгі кездесуге қуаныштылар қол шапалақтайық.
8. Бүгінгі күнге сәттілік тілесендер бір-біріміздің қолымызды алысайық.

Бағалау критерийі:

- 1) Барлығы дұрыс болса - «5»
- 2) 1 – 2 қате болса - «4»
- 3) 3 қате болса – «3»

2018 жылдың 9-25 ақпаны аралығында
Оңтүстік Кореяның Пхёнчхан қаласында
қысқы Олимпиада ойындары өтіп жатыр.
Қазақстан спортшылары қысқы Олимпиада ойындарында спорттың 9 түрінен ел намысын қорғап жатыр. Олар: биатлон, мәнерлеп сырғанау, тау шаңғысы жарысы, шорт-трек, конькимен сырғанау, шана спорты, шаңғы тебу, трамплиннен шаңғымен секіру, фристайл (акробатика, могул).



PyeongChang 2018



- I-топ:**
1. Кез келген санды бірге көбейткенде, қандай сан шығады? (Сол сан)
 2. 2 - ге қалдықсыз бөлінетін сандар қалай аталады? (жұп)
 3. 3 ондықты 2 есе арттыр (60)
 4. Термометр аяз болғасын – үш градус көрсетіп тұр. Осындай екі термометр неше градус көрсетеді?

Жауабы: үш

- II-топ:** 1. Санды сол санның өзіне бөлсе, неше шығады? (1)
2. 2 - ге қалдықсыз бөлінбейтін сандар қалай аталады? (тақ)
3. 346-ны разрядтық қосылғыштарға жікте (300+40+6)
4. Допты лақтырғанда, доп сол ізімен кері қайту үшін оны қалай лақтыру керек?

Жауабы: жоғары

III-топ: 1. Нөлді санға бөлгенде, неше шығады? (0) . 7
ондықты 2 есе арттыр

2. Егер есепте қосу мен көбейту амалы келсе,
алдымен қандай амалды орындаймыз?

3. Қандай екі бірдей санның көбейтіндісі
36-ға тең? (6х6)

4. Суға қай кезде қолды кесіп алуға
болады?

Жауабы: егер оны мұз етіп қатырса

- IY-топ:**
1. 1 сағатта неше минут бар? (60 минут)
 2. 90 мен 40 - тың қосындысы? (130)
 3. Нөлді санға бөлгенде, неше шығады? (0) .
 4. Айдынның Асқардан бойы ұзын, бірақ

Жанаттан кіші. Кім ұзын?

Шешімі: Жанат - ұзын

1-қадам. 32-ны разрядтық қосылғыштарға жіктейміз.

32 дегеніміз 3 ондық, 2 бірлік яғни

$$30 + 2$$

2-қадам. Көбейтіндіні жазамыз яғни

$$(30 + 2) \cdot 5$$

3-қадам. Әр қосылғышты жеке-жеке 5-ке көбейтеміз.

$$30 \cdot 5 + 2 \cdot 5$$

4-қадам. Көбейтінділердің мәнін табамыз.

$$32 \cdot 5 = (30 + 2) \cdot 5 = 30 \cdot 5 + 2 \cdot 5 = 150 + 10 = 160$$

Демек мәні 160 шықты.

1-қадам. 5-ке бөлгенде бөлінді мәнінің ондықтары мен бірліктерін анықтау мүмкін болатындай етіп қолайлы қосылғыштарға жіктейміз.

$$160=(150+10)$$

2-қадам. Бөліндіні жазамыз.

$$(150+10):5$$

3-қадам. Әр қосылғышты 5-ке бөлеміз.

$$150:5+10:5$$

4-қадам. Бөлінділердің мәндерін қосамыз.

$$160:5=(150+10):5=150:5+10:5=30+2=32$$



**Конькимен
сырғанау**

№2

I-mon

II-mon

III-mon

IY-mon

$$42 \times 5 = 210$$

$$95 \times 2 = 190$$

$$35 \times 4 = 140$$

$$75 \times 6 = 450$$

$$210 : 5 = 42$$

$$190 : 2 = 95$$

$$140 : 4 = 35$$

$$450 : 6 = 75$$




Шана спорты

A) 1- күні – 60 км

2-күні - ? км, 27 км кем

3-күнде - ? -гі



Шешуі:

Жауабы:

Ә)

Шу -82 км

Шыршық – 70 км


Лепсі – екі каналдан 4 есе қысқа - ? Км

Шешуі:

Жауабы:



Биатлон





Мәнерлеп сырғанау

1-топ: Периметрі 12 см болатын екі тік төртбұрыш
сыз.

2-топ: Ауданы 12 см болатын екі тік төртбұрыш сыз.

3-топ: Қабырғасы 4 см болатын шаршының
периметрін әртүрлі тәсілмен есептеп тап.

4-топ: Қабырғасы 4 см болатын шаршының ауданын
әртүрлі тәсілмен есептеп тап.



Шаңғы тебу

I-топ

II-топ

III-топ

IV-топ

$23 \times 3 =$

$42 \times 2 =$

$31 \times 2 =$

$28 \times 2 =$

$69 : 3 =$

$84 : 2 =$

$62 : 2 =$

$56 : 2 =$

$14 \times 5 =$

$12 \times 5 =$

$15 \times 6 =$

$13 \times 3 =$

$70 : 5 =$

$60 : 5 =$

$90 : 6 =$

$39 : 3 =$

$42 \times 3 =$

$83 \times 2 =$

$72 \times 3 =$

$61 \times 2 =$

$126 : 3 =$

$166 : 2 =$

$216 : 3 =$

$122 : 2 =$

